

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

## ФОЛЬКЛОРТАНУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ФЕНОМЕН ЖӘНЕ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАР

академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде)

*Гүлназ САҒЫНАДИН*, PhD, қауымдастырылған доцент,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасов - қазақ фольклортану ғылымында ойып орын алатын бірегей тұлға. Ғалымның ғылыми мұрасы – ұлттық фольклордың теориялық статусын әлемдік фольклортану контекстінде айқындап берген фундаменталды еңбектер. Өткен ғасырдың идеологиялық саясаты мен әдебиеттану принциптерінің жүйесі аясында шектелген ұлттық мұра ғалымның бірегей зерттеу еңбектері арқылы жаңа биікке көтерілді. Ғалымның әлемдік ғылыми интеграция аспектісінде саралаған қазақ аңызтану, ертегітану, эпостану мәселелері нақты теориялық талдаулармен өз көкейкестілігін анық таныта алды. Фольклордың даму тарихын, жанрлық ерекшеліктері мен поэтикасын, текстологиясы мен типологиясын саралаудағы ұстанымдары академик-ғалымның жалпы зерттеу әдістерді екшеудегі дәлдігін көрсетті.

Ғалым С.Қасқабасовтың ертегілік емес прозалық туындыларды «аңыздық проза» деген атаумен беруі – ғалым тарапынан қазақ фольклортануына енген тың терминдік ұғым болды. Ал оның миф, хикая, аңыз, әпсана-хикаят секілді жанрлық түрлерге бөлуі – жаңа ғылыми жіктелім. Ертегіге жатпайтын жанрлық түрлердің теориялық негізін дәл әрі нық дәлел-дәйектермен қалыптастырды. Аңыздың ішкі түрлері, күй аңызы жаңа таныммен таразыланды. Қазақ мифінің әлемдік мифологиялық жүйедегі айрықша орнын, түсіндірмелі сипатын, түрлерін, т.б. қарастырып, отандық ғылыми айналымға жанр ретінде алғаш боп енгізді. Қарапайымдылықтан көркемдікке ұласу үдерісі аясында мифтің феодалдық қоғамдағы өзгерген түрі – хикая жанрының ғылыми-теориялық сипаттамасын жасады. Әпсана-хикаят деп атаған аңыз бен ертегі арасындағы аралық жанрдың тууы мен дамуы үдерісін де дербес талдау көрсеткіштерімен жүйеледі. Әр жанрлық түрдің дамуында көркемдік функцияның атқарар рөлі мен шешуші фактор екендігін анық байқатты. Жалпы, жанрдың қалыптасуындағы дифференциация (даралану), стабилизация (тұрақталу), интеграция (ықпалдасу) сатыларының маңызын ұқтырған С.Қасқабасовтың ғылыми танымының кең көкжиегі отандық әрі шетелдік ғалымдардың мықты ой-пікірлерімен қуатталып отырды.

Нақтырақ тоқталатын болсақ, ғалым қазақ халық прозасы жанрларын классификациялаудың басты шарттарын: жанрлардың атқаратын қызметін, шындыққа қатысын, көркемдік сипатын, шығу мерзімін анықтап, соның ішінде ертегілік емес проза саласын да жіктеп, ғылыми тұрғыда терминдік атауларын нақтылап, айналымға енгізді. Қазақ фольклортануына алғаш миф жанрын

кіргізіп, жанрлық табиғатын түсіндіріп, теориялық анықтама беруде де ғалымның еңбегін атау ләзім.

Академик қазіргі ғылымда орын алған жасампаздық мифтер, космогониялық мифтер, этиологиялық мифтер, эсхатологиялық мифтер, тотемистік мифтер, шамандық мифтер, генеалогиялық мифтер, дуалистік мифтер, т.б. миф түрлерін атай отырып: «Қазақ фольклорында бұлардың барлығы дерлік ұшырасады, бірақ олар көбінесе таза күйінде емес, басқа жанрлардың құрамында, кейде жеке әңгіме түрінде кездеседі. Мифтің басты міндеті – жер бетіндегі нәрселердің, аспан шырақтарының, адамның, жан-жануардың пайда болу себептерін түсіндіру. Бұл үшін алуан түрлі ежелгі наным-сенімдер, ұғым-түсініктер пайдаланылады. Солардан мифтік сананы, оның өзгеруін, сөйтіп бірте-бірте көркем құралға айналғанын көруге болады. Қазақ мифінің ішінде әсіресе кең тарағаны – жер бетіндегі тау-тастың, көлдің пайда болу тарихын баяндайтын, сондай-ақ аспан әлемінің құрылысын түсіндіретін және әр түрлі жануар мен жәндіктердің кейбір қасиеттерін әңгімелейтін шығармалар» [1, 28] деген пікір айтады.

Бастапқыда эпсана мен хикаятты бір жанрдың аясында қарастырған ғалым кейін екеуінің ара жігін ашып, жеке жанрлар ретінде қарастырады. Сөйтіп олардың өз ішінен тарихи-мекендік эпсаналар, әлеуметтік-утопиялық эпсаналар және діни-кітаби хикаяттар деген түрлерін көрсетеді [1, 32].

Қазақ фольклортануындағы аңызды тарихи және топонимикалық деп екіге бөледі. Күй аңызында әр түрлі жанр: миф, аңыз, эпсана, хикаят, ертегі, жыр тоғысқанын атайды. Ғалым: «Күй түрінде орындалатын аңызды айтар болсақ, олардың басым көпшілігі тарихи оқиғаларға байланысты болып келеді. Сондықтан күй аңызы белгілі дәрежеде тарихи аңызға жатады» [1, 173],- деп тұжырымдайды.

Аңыздық проза жанрларының өзара даралану мәселесі фольклортану ғылымының өткен ғасыр төңірегіндегі өзекті мәселелерінің біріне айналып, күні бүгінге дейін өз күшін жойған жоқ. Академик С. Қасқабасов: «Ешбір фольклорлық жанр саф алтындай таза күйде болмайды. Өйткені ол жападан-жалғыз өмір сүрмейді, ұзақ көркемделу процесінде жанрлар бір-бірімен тығыз байланысқа түседі, олар бір-біріне ықпал жасап, кірігіп, тіпті жаңа жанрға негіз де болады, бірақ олар қосылып кетпейді, әрқайсысы өзіне тән қасиеттермен ерекшеленеді [2, 27] дейді де, жанрлардың өзара айырмашылық белгісіне олардың атқаратын қызметін ұстаным етеді.

Әрбір фольклорлық мәтіннің айтылуы коммуникативті актіге негізделіп, коммуникативті оқиғаның бөлшегі болатыны рас. Аңыздық проза жанрлары шындыққа бағыттталып, елді иландару мақсатын алға тарта отырып, фольклор орындаушыларының түрлі интенциясын іске асырады. Бірде әңгімеші тыңдарманмен өзінің ішкі жай-күйімен, уайымымен бөлісуге ұмтылады. Сөйтіп ол өз серіктесін өзінің «жақын» әлеміне тартады, сенім білдірген интонацияны пайдалану арқылы өзі туралы немесе туыстары туралы әңгімелеп береді. Басқа жағдайда (бөгде біреумен әңгімелескенде) оған жергілікті тарихқа жан бітіретін нақты фактілерді қалыпқа келтіру қажет. Бұл өзі және жергілікті жердің

тұрғындары үшін маңызды болмақ. Кейде өткеннің оқиғасына қайтып оралып, әңгімешіге бүгіннің бет-бедерін жақсы түсініп, толық түсіндіру үшін қажет. Мұндай сипаттағы оқиғалар нақты бір адамның жақын әлеміне енбейді, бірақ ішкі тебіренісі байқалады және өткен, осы және келер шақ хақындағы ақпаратты бір арнаға «тоғыстырады».

Басқа аңыздық проза туындыларына қарағанда, хикая адамның жеке әлеміне анағұрлым жақын. Фольклор жанрының бұл түрі өз мазмұн аясында халықтың мифтік санасы мен діни нанымы тудырған мақұлықтар мен құбыжықтар бейнесін көрсетеді. Хикая – өмірде түрлі тылсым күштердің, құбыжық пен мақұлықтардың кездесуіне халықты иландыратын әңгімелер. Иландыру мәселесі мұндай хикаялардың ақиқат негізінде құралғанын көрсетеді. Хикая жанрының даралығы «контекст – орындаушы – хабарлама (мәтін) – тарату арнасы – аудитория – нәтиже (қабылдау тиімділігі)» жүйесіндегі әрбір компоненттің қатысы арқылы сараланатын болса, айтушының оқиғаны өз басынан өткендей немесе өзі куәлік етіп, үшінші жақтан орындауы және тындаушының қабылдауы шындыққа лайықталып, сенім ұялатады.

Аңыздың ең басты коммуникативті функциясы – адамның танымдық қажеттілігін қанағаттандыру. Аңыздар ақпаратты ұрпақтан – ұрпаққа, жергілікті тұрғынның жаңа тұрғынға жеткізуі арқылы немесе жергілікті тұрғындардың коммуникативті байланысы негізінде жарық көреді. Бұл жергілікті тарихтың қандай да бір деректерінен хабардар екенін көрсету және нақтылау қажеттілігінен туындайды. Аңыздарда баяндаудың тұрақты формалары жоқ. Алайда жекелік, нақтылық арқылы аңыз мазмұнында жалпылық, типтік көрініс байқалады.

Аңызды баяндауда көзделген мақсат та – бір, яғни, игілікті үгіттеу. Мұны жүзеге асыруда орындаушы көркемдік жинақтау арқылы аңыз кейіпкерлерін идеализация дәрежесіне көтеруі мүмкін. Бұл адам бойындағы асыл қасиеттерді: ақылдылық, тапқырлық, әділеттілік туралы маңызды ақпаратты жеткізуге көмектеседі. Сондықтан да аңыздық проза жанрлары дифференциациясының коммуникативті аспектісі белгілі бір жанр түріндегі фольклорлық мәтіннің айтылу жағдайын түсіндіруге мүмкіндік береді және айырмашылық белгілерін анықтауға ықпал етеді. Сөйлесімнің мақсаты мен шарттары әр жанрдың мазмұндық, құрылымдық және функционалдық сипаттарын біріктіру бастамасы ретінде көрінеді.

Бұл мәтіндер кейде түркі халықтарының эпсаналары, тұрмыстық, новеллалық ертегілері аясында қарастырылады. Мұндай жанрлық айырмашылықтың орын алуы аңыз бойында белгілі дәрежеде көркемдік жинақтаудың болуымен түсіндіруге болады. Өйткені ғалым С.Қасқабасов: «аңыз – халықтың жадында сақтап, ауызша айтып келген тарихы дегенде, онда тарихи оқиғалар еш өзгеріске ұшырамаған, шындық сол қалпында әңгімеленген деген ой тұмау керек. Аңыз жанры да, бүкіл фольклор сияқты, анахронизмнен құр алақан емес. Біріншіден, ауызша тарағандықтан, екіншіден, әңгімеленген оқиғадан көп уақыт өтіп кеткендіктен, үшіншіден, әңгімеге көркемдік элементтері әсер еткендіктен аңызда баяндалатын оқиға көмескі тартады,

әңгіменің варианттары пайда болады, тіпті оқиғаның мезгілі шатастырылады» [2, 130] дейді.

Сондай-ақ, ерекше атап өтетін жайт, аңыздар – дәлме-дәл тарих түсініктемесі емес, тарих туралы халық түсінігі. Бұл ретте ғалым «онда фактілер мен оқиғалар айтушы мен тыңдаушылардың қатынасы тұрғысынан баяндалып, тарихи жинақталған бағаға ие болады» [2, 131] деген тұжырым білдіреді. Бұдан коммуникативтік аспект аясында интеграциялық үдерістің де орын алатыны айқындалады. Тіпті, аңыз сюжеттері айтылу формасы мен қабылдану деңгейі бойынша новеллалық және сатиралық ертегілерге ұласуы әбден мүмкін. Өйткені, академик С. Қасқабасов қазақ фольклорына «новеллалық ертегі» терминін енгізе отырып, «мұндағы баяндаудың барысы үнемі әділдік пен ақылдың жеңісіне бағытталып отырады, ал, күнделікті тұрмыста кездесетін қарапайым шындық моральдық уағыз арқылы емес, уақиғаның табиғи дамытылуы арқылы дәлелденеді. Рас, кейде, ертекті баяндауды афоризммен түйеді» [2, 234] дейді.

Бұл ретте фольклор прагматикасы мәселесінің [3] өзектілігі шығады. Фольклорлық мәтіннің прагматикасын ақпарат беруші мен тыңдаушының жеке басын ескере отырып, мәтінді тарату және қабылдаудың «тірі» үдерісі, сондай-ақ мәтін орындалатын әлеуметтік-тарихи контекст ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар мәтін прагматикасы дәстүрді ұстанушылардың фольклорлық мәтіндерге үстейтін мән-мағынасына байланысты боп келеді. Мұндай практикалық, прагматикалық мақсаттарға негізделген фольклорлық туындылар әлеуметтік қатынастардың белгілі бір түріне тиісті коммуникацияны қамтамасыз етеді. Нәтижесінде фольклорлық формалар өзгеріп отыруы мүмкін. Сондықтан фольклор жанрларын саралауда прагматикалық аспекттегі функционалдық принцип үлкен маңызға ие. Өйткені жанрлық дифференциацияның күрделілігі объективті сипатқа ие және аталмыш туындылардың айтылу ерекшеліктеріне негізделеді. Мысалы, аңыздық прозаның сөйлесімдік және ситуациялық контекстермен өзара тығыз байланысы, композициялық және стилистикалық канондардың болмауы оның фольклорлық проза ретінде болмысын ашады.

Академик Сейіт Асқарұлының фольклортанудың білгір маманы ретінде әлеуеті асқақ. Себебі сөз өнерінің үш түрін: фольклор, ауыз әдебиеті, жазба әдебиет деп көрсетіп, соның ішінде санаға сіңіп қалған «ауыз әдебиеті» ұғымының «фольклордан» бөлек екенін фактілер мен аргументтер шегінде шегелеп берген бірден-бір ғалым. Фольклордың даму тарихы, фольклор жанрларының функциясы, фольклорлық жанрдың тарихи категория санаты, фольклор мен әдебиеттің байланысы мен айырым белгілері, т.б. – барлығы ғалымның ұлттық фольклортануда, жалпы әлемдік ғылыми айналымда өзіндік даралық тұлғасы мен феноменалды ғылыми-әдіснамалық ұстанымдарын айғақтайды. Сондай-ақ әдебиет пен фольклордың сабақтасу шегінде тек бір жақты байланыс болмайтынын қадап айтқан еді.

Жалпы, әлемдік деңгейде әдеби-фольклорлық байланыс мәселесі фольклоризм құбылысы төңірегінде ғана өткен ғасырдан бастап қарқынды зерттелді. Фольклоризмнің ғылыми концепциясын анықтайтын әлемдік деңгейдегі бірегей тұжырымдар (М.К.Азадовский, Д.Н.Медриш, У.Б.Далгат,

Д.С.Лихачев, Н.И.Савушкина, М.А.Тычина, т.б.) бар. Дегенмен белгілі бір қаламгер тарапынан фольклорды қолданудың жеке мәселелеріне қатысты зерттеулер (Е.Я.Ленсу, І.П.Чыгрын, В.Т.Петров, т.б.) саны анағұрлым жоғары. Мәселен, «Русский фольклор» көпжылдық академиялық басылымның «Славянские литературы и фольклор» (1978) деп аталатын XVIII томындағы үздік мақалалардың басым көпшілігі бір автордың шығармашылығы аясында әдебиеттанушылық контекстегі фольклоризм көріністерін жан-жақты талқылауға арналған [4]. Ал жаңа ғасыр белесінде бұл мәселенің теориялық табиғатын зерттеуге күш салынып, іргелі еңбектер (К.М.Ковалёва, О.В.Приемко, В.Рогойша, т.б.) туындағанын аңғарамыз.

Отандық фольклортануда өткен ғасырда ізашар еңбектер болғанымен, әдеби-фольклорлық байланыс мәселесі ел тәуелсіздігі бекігеннен кейін қолға алына бастады. Ғалымдар З.Ахметов, С.Қирабаев, Қ.Мәшһүр-Жүсіп, С.Қасқабасов, Ш.Елеуқенов, т.б. тарапынан құнды ой-пікірлер айтылған. Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде, ғалым Р.Бердібайдың «Кәусар бұлақ» кітабына енген «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында, С.Қасқабасовтың «Абай және фольклор» атты еңбектерінде бұл тақырыпқа арнайы көңіл бөлінді. Өзге де жекелеген ақын-жазушылар шығармаларында фольклорлық, мифопоэтикалық көріністерді талдайтын зерттеу жұмыстары (Қ.Байтанасова, Ж.Аймұхамбет, т.б.) жазылды. 2011 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының зерттеу жобасының аясында «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек – тәуелсіздік тұсындағы, яғни XX-XXI ғасырлар тоғысындағы әдебиет негізінде фольклор мен әдебиеттің байланысын талдап, аталған мәселеге жаңа серпін әкелді [5]. Әсіресе, фольклортанушы-ғалым, академик С. Қасқабасов талдау материалдары негізінде әдеби-фольклорлық байланыс түрлерін ашып көрсетеді. Осы ретте ғалым кері байланыс деген түрді атайды. Ол дәстүрлі фольклорға қатысты емес, жазба әдебиет пен авторлық ауыз әдебиетінің арасындағы қатынас деп есептейді де, «арнайы қарастыруға лайықты мәселе» деген тұжырыммен қайырады [5, 46-47]. Бұл жердегі «кері байланыс» фольклоризация мәселесіне қатысты екенін аңғарамыз. Сондай-ақ ғалым ұлттық әдебиеттану, фольклортану тараптарынан бұған қатысты концептуалды еңбектің жоқтығын меңзеп, алдағы күн тәртібіндегі шешілуі тиіс өзекті проблема екенін ұғындырады.

Міне, ғалым әдебиет пен фольклор арақатынасының теориялық, методологиялық және типологиялық мәселелері бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес арнайы зерттеу еңбектері әлі де қажет екенін меңзейді. Әрине, жекелеген авторлық шығармашылыққа арналған көптеген зерттеу жұмыстары фольклоризмнің не екенін анықтап берді. Бірақ әдеби фольклоризмнің типтері, жеке түрлері қандай деген сауалға нақты жауап жоқ. Ал фольклоризация үдерісі толықтай қолға алып, терең зерделеудің концептуалды жүйесін талап етіп отыр. Бұл орайда академик С.Қасқабасовтың ірі проблематика көздеріне бағдар беру алу шеберлігін атай аламыз. Сондықтан да осы бағдарды бетке алып, фольклоризм типологиясы, әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейі, әлемдік аренадағы «инициарлы орта» концептісі, эстофольклортану теориясын

оқытудың инновациялық жолдары сияқты түйткілді мәселелерді шешу – бүгінгі күннің өзекті мәселелері.

Мұндай жаңашыл бағыттар жалпы гуманитарлық саладағы синергетикалық зерттеудің де айқын мысалы бола алады. Осы ретте көпшілік санада әлі де болса синоним боп сақтаулы тұрған «фольклор» және «ауыз әдебиеті» ұғымдарының дифференциациясын тағы бір мәрте ғылыми айқындау мүмкіндігі зор. Жалпы, бұл дифференциацияны сөз еткенде халықаралық масштабтағы мына бір мәселені атауға тиіспіз. Шетелдік тәжірибеде әдеби-фольклорлық ықпалдастықты фольклор, әдебиет және инициарлы шығармашылық арасындағы интегративті байланыстың типологиясы арқылы қарастыру идеясы бар. Байқағанымыздай, сөз өнерін құрайтын идеялық-эстетикалық тұтастықтың бір бөлшегі ретінде «инициарлы шығармашылық» категориясы алынады [6]. Мұндай шетелдік тәжірибені зерделейтін болсақ, «инициарлы шығармашылық» ұғымы фольклорға да, әдебиетке де жатпайтын «бейсаналылықтан» туындайтын интенция көрінісі ретінде алынады. «Инициарлы орта» көбінесе бұқара ішінен суырылып шыққан әуесқойлардың инициативті шығармашылығымен толығып отырады. Ол дәстүрлі үлгілерді қолданумен қатар жаңаша бірегей туынды жасау арқылы фольклорға немесе әдебиетке жол бастауы мүмкін. Мұндай категорияның сипаты хақында Ю.Лотман, С.Лем, К.Малевич, т.б. ғалымдар тарапынан жүйелі ой-пікірлер болған. Соңғы ізденістер ішінде Л.Костюковец, Р.Ковалева, т.б. ғалымдар еңбектерін атауға болады.

Ұлттық сөз өнерінің негізі фольклор, авторлық ауыз әдебиеті, әдебиет триадасынан құралатынын білеміз. Жыраулар мен сал-серілер поэзиясы – авторлық ауызша әдебиет ретінде өз ғылыми концепцияларын айқындап үлгерді. Яғни, ауыз әдебиеті – фольклордан бастау алып, әдебиетке ұласқан категория сипатына ие. Бұл ретте кезінде фольклорлық шығарма контексінде қаралған халық ақындары туындыларын да айтуға болады. Бұларда фольклорға тән белгілер басым, сонымен қатар әдебиетке лайық жан-жақты авторлық позициясы да айқын. Ендеше батыстық ғалымдар тарапынан енген «инициарлы шығармашылық» терминімен ұлттық танымдағы «ауыз әдебиеті» ұғымы қаншалықты өзара байланыс орната алады? Әлде екі бөлек түсініктегі ұғымдар ма? Осындай түйткілді теориялық проблемаларды сараптауға негіз болған ғалым Сейіт Асқарұлы еңбектерінің қашанда маңыздылығын көреміз. Ондағы концепциялық ойларды сараптаудың қажеттілік мәні аса жоғары. Ғалым еңбектерін талдау – қазақ фольклортануының ғылыми әлеуетін бағалау және әлемдік аренадағы рөлін бағамдау болмақ. Сондай-ақ ұлттық фольклортанудың бүгінгі сұранысына ие болып, фольклор теориясын зерттеудегі жаңа, келелі бағыттарға жол сілтейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қасқабасов С. Ойөріс (фольклор туралы). - Астана: Астана полиграфия, 2009. – 304 б.
2. Қасқабасов С.А. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
3. Адоньева С.Б. Прагматика фольклора. – СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та; ЗАО ТИД «Амфора», 2004. – 312 с.

4. Русский фольклор. Том 18: Славянские литературы и фольклор / Отв. ред. А. А. Горелов. Ленинград: Наука, 1978. – 210 с.
5. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
6. Традиционные и новые подходы к изучению литературы и фольклора. Учебная программа учреждения высшего образования второй ступени (магистратура) по учебной дисциплине для специальности: 1-21 80 10 Литературоведение. – Минск: БГУ, 2018. – 21 с.

## СЕЙІТ ҚАСҚАБАСОВТЫҢ ЭПОСТАНУШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

*Болат ҚОРҒАНБЕКОВ,*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Сейіт Қасқабасов – зерттеулері нағыз академикке тән кең құлашты. Ол тек фольклортануға ғана емес, әдебиеттану, өнертану, мәдениеттануға да зор үлес қосты. Ал фольклортанудағы нысандары мен тексерулері тіпті ауқымды. Фольклортанушы ретіндегі басты өрісі халық прозасы болғанымен, ол эпикалық шығармаларды да терең қарастырды. Бұл еңбектерінің де әлемдік мәні бар деп сеніммен айта аламыз.

Ғалым эпикалық мұраларды алуан қырынан зерттеді. Ол, ең алдымен, эпостың жанрлық ерекшеліктерін нақтылауға ден қойды. Қазақ халық прозасының жанрлық табиғатын терең таныған ғалым үшін эпосты теориялық ракурста зерделеу аса қиын түспеген. Фольклорлық жанрлардың ішінде бұған дейін ең көбірек зерттелгені – батырлық және ғашықтық жырлар. Олардың теориялық қыр-сырының танымалдығы мен айқындығы да осы зерттеу тәжірибесінің молдығына байланысты еді. Бұл бағыт бойынша қазақ ғылымы әлемдік фольклортанумен өрелесетін деңгейге жеткен. Сол себепті С.Қасқабасов мүлдем назардан қағыс қалған теориялық түйткілдерді ғана өте ықшам түрде зердеден өткізген.

Ол «Ойөріс» еңбегінде дастан жанрының ерекшелігі мен түрлерін қарастырып, негізгі жанрлық белгілерін саралаған. Дастандардың дәстүрлік табиғаты қазақтың ауызша фольклорлық эпостарынан өзгеше екенін атап өтеді. Шығарма әлемін құрайтын образдар көшпелі қазақ сахарасынан басқа, қала мәдениетінің атрибуттарынан құралғанын және далалық поэзиядан оқшауланатын стильдік ерекшеліктерін талдайды. «Егер дәстүрлі қазақ фольклорында оқиға көбінесе сайын далада, тау ішінде, қалың қамыста, яғни ашық табиғат аясында өтсе, дастанда оқиға көбінесе шаһарда, патшаның сарайында, немесе қала базарында, яғни феодалдық мемлекет ішінде өтеді. Рас, қаһармандық іс-әрекеттер кей-кейде далада орындалады, бірақ соның өзінде олар мемлекет, немесе шаһар сыртында болады. Бас кейіпкерлердің сапары теңізде кемемен жүзу, өз болмаса басқа бір аралға тап болу, яки бөтен қалаға келу түрінде көрінеді» [1, 293].